

СЕКЦИЯ 3 ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

Подсекция 3.5 География и гидрология


УДК 91

САРЫАҒАШ АУДАНЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ДАМУ ГЕОГРАФИЯСЫ

Азимбай Нурсулу Саматқызы
azimbay.n@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану ғылымдары факультетінің
Физикалық және экономикалық география кафедрасының «5В060900-География»
мамандығының 3 курс студенті. Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – П.ғ.д. профессор А.А.Саипов

Іргесі 1870 жылдары қаланған Сарыағаш ауданы – Түркістан облысының оңтүстік бөлігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлік. Координаттары $41^{\circ}37'12''$ с. е. және $68^{\circ}43'12''$ ш. б. Аудан шығысында Өзбекстан мемлекетімен, оңтүстігінде Мақтаарал ауданы, Шардара бөгенімен, батысында Шардара ауданымен, ал солтүстігінде Қазығұрт ауданымен шектеседі. Жерінің аумағы 7,7 мың км². Орталығы – Сарыағаш қаласы.



Сурет 1. Түркістан облысының, Сарыағаш ауданының әкімшілік картасы

Аудан жері негізінен төбелі, қырқалы, жазықты келеді. Солтүстіктен Белтау жотасы (592 м), батысын Ызақұдық құмы, Қауынбаймолда жотасы, оңтүстіктен Шардара бөгені алып жатыр. Жер қойнауында мәрмәр, құм, бентонит балшығы, шипалы минералды суы барланған. Сарыағаш ауданының рельефінің түзілуі әр уақытта геологиялық-

геоморфологиялы факторлардың әрекет етуінен қалыптасқан. Олардың сипаты азоналы болып келеді. Геологиялық, геоморфологиялық факторларға жер бетінің құрлықтық жондар мен мұхит шараларына бөлшектенуі, жер беті жыныстарының құрамы, құрлық бетінің жасы, бедері, беткейлердің көрінісі, еңістігі жатады. Шеңгелді, Сарыағаш темір жол стансаларының территориясы әкімшілік түрде Оңтүстік Қазақстан облысына қарайды. Оның көпшілік жері төбелер мен тау етегі жазықтығынан құралған. Ол біртіндеп батысқа және оңтүстік батысқа қарай теңіз деңгейінен 250-400 метрге дейін төмендейді. Шығысында бұл төбелер 600-800 метрге дейін көтеріледі. Ол солтүстігінде Қазығұрт тауларына, ал батысында Жаушы құмға дейін созылып жатыр. Геологиялық әдебиеттерде бұл үлкен алаң Ташкент маңы деп аталған шөлдің құрамына енгізілді. Мұндай төбелерді ботаниктер “адырлар” деп атады.

Сарыағаш ауданының агроөнеркәсіп кешенінің қалыптасуымен дамуына ықпал етуші физикалық географиялық факторларының ерекшеліктері былайша сипатталады. Климаты континенталды, қысы жылы (-10°C төңірегінде), жазы ыстық ($+40^{\circ}\text{C}$ қа жетеді). Өсімдіктердің өсіп-өну мерзімі 220-320 тәулік. Атмосфералық жауын шашындардың орташа жылдық мөлшері 80-300 мм - ге дейін жетеді. Сарыағаш ауданының климаты қатаң континентті. Жылдық жауын - шашын мөлшері 200-300 мм - ден аспайды. Жауын шашынның көбі көктемде жауады да, жазда жауған жаңбыр тамшылар кейде жерге жетпей кезіп кетеді. Ауаның жылдық орташа температурасы қаңтарда $-2-3^{\circ}\text{C}$, шілдеде $24-28^{\circ}\text{C}$, болады. Кейде әсіресе құмды шөлді аймақтарда $40-50^{\circ}\text{C}$ - қа дейін барады. Ауданның су қоры жер беті мен жер асты суларынан тұрады. Сарыағаш ауданы аумағындағы су жүйелерінің жалпы саны 329 дана, ұзындығы 2232,7 шақырым, оның ішінде каналдар - 168 бірлік, ұзындығы 1401,7 шақырым және қашыртқылар -161 бірлік, ұзындығы 831,0 шақырым. Ағын су жүйелері арқылы аудандағы 27,5 мың гектар көлеміндегі суармалы жерлер сумен қамтамасыз етіледі. Сарыағаш ауданы арқылы 3 ірі және кіші (Сырдария, Келес және Құркелес) өзендері ағып өтеді. Сарыағаш өлкесінің жер беті литогенді құрамы жер асты және топырақтағы судың режимін, топырақ қабатының тұздылығы, механикалық құрамын түрлендірген. Сондықтан ол жерлердің жер беті жыныстарының литогенді құрамы саздақты және құмды келеді. Соған орай онда сазды жынысты ландшафтысы сор, құмды жынысты жерде әсіресе өзен жағалауларында шағылдар ерекше көп кездеседі. Бұл жердің тек қана құрылымы мен геологиялық құрылысы өте күрделі болып келеді. Батыс бөлігі ежелгі палеозойға дейінгі плиталық платформада, орталық бөлігі жас эмигерциндік плиталық платформаларда, орталық бөлігі жас эмигерциндік плиталық платформаларда, ал шығыс бөлігі палеозойлық қатпарлы – жақпарлы. Орогендік құрылымда орналасқан. Жер бетін түгелдей мезокайнозойлық шөгінді жауып жатыр. Олар теңіз табанды және континентті ортада жинақталған. Қазіргі жер бедері мен ландшафт түзуші жыныстардың литогендік құрамдары әр түрлі болып келеді. Жер бедері теңізтабанды, көлтабанды, аллювийлі тегіс ойпатты, эолды, аридты – денудациялық қат қабатты және тұғырлық жазықтан тұрады. Жер бедерінің пішіні мен топырақ қабатын түзуші жыныс саз балшықты, саздақты, кесек, тасты және қиыршық тасты болып келеді. Сарыағаш ауданында тұратын адамдар өзен жағасын, құдық маңын мекендеген. Бұл аймақтың топырақ жамылғысы солтүстігі мен шығысын және оңтүстік шығысын қоңыр топырақ, оның құнарлы қабатының қалыңдығы 15-25 см, болып келеді. Жергілікті тұрғындар тыңайтқыштар сеуіп, суландырып ауыл шаруашылығымен көптеп айналысады. Аймақтың оңтүстігі, орталығы және батысы саздақты, сұр қызыл және тасты топырақ көптеп кездеседі. Ландшафт белгілі бір заңдылық бойынша әрекет көптеген факторлардың әсерімен қалыптасады, дамиды. Қалыпты жағдайда Ландшафты құрайтын факторлардың әрекеті белгілі бір шеп бойымен қайталана береді де, ландшафты құрайтын құрамдас бөліктері бір бірімен үйлесім тауып, динамикалық тепе теңдік қалпын сақтайды. Кейде барлық факторлардың, ауа ылғалдылығы, температуралық режимі, жауын-шашынның жылдық көрсеткіштерінен ауыртқымаса да, ландшафт өзгерістерінен төтенше құбылыс байқалып қалады. Мысалы, 1990 жылдарының соңында Сарыағаш ауданындағы жүзім бойында өнім бермеген кездері болған. Бұған себеп, сол жылдары жемістер гүлдеп, тозаңдар ауа райының қолайсыздығынан жәндіктерде дер кезінде

ұшпай қалып, гүлдеген жеміс бақтары ұрықтанбай өнімсіз өседі екен. Сондықтан да жәндіктерді ұрықтандырушы әрекеттері жемістердің өнім беруіндегі шешуші фактордың рөлін атқарады.

Аумақтық агроөнеркәсіп кешенінде инновациялық үрдістердің дамуы агроклиматтық жағдайымен, табиғи және экономикалық факторларды пайдалану ерекшеліктерімен, ғылыми-техникалық және агроөнеркәсіптік өндірісте инновациялық қызметін қаржылық қамтамасыз ету мүмкіндігімен байланысты анықталады. Сарыағаш ауданы аграрлы аудан болуына байланысты аудан экономикасын дамытудың негізгі басымдықтарының бірі – ауылшаруашылығы болып табылады. Географиялық жағынан қолайлы орналасқан аудан аумағында шаруашылықтың бұл түрімен айналысу аса қолайлы әрі өте тиімді. Ауылшаруашылық географиясы климаттық, әлеуметтік және өндірістік факторлары әсерінен ұзақ тарихи уақыт аралығында қалыптасып, дамып отырды. Соңғы уақытқа дейін ауыл шаруашылығы климаттық факторларға тікелей тәуелді болып келді. Олар: вегетациялық мерзімнің ұзақтығы; өсімдіктердің өсуіне мүмкіндік туғызатын 10°C-тан жоғары температуралар жиынтығы; жылдық жауын-шашынның мөлшері мен түсу мерзімі; топырақтың механикалық құрамы мен құнарлылығы сияқты мәселелер. Негізінен бұл ауданның көпшілігінің тұрмысы осы ауыл шаруашылығының есебінен түзеліп отырған жайы бар.

Сарыағаш ауданының барлық жер көлемі 416 200 гектарды құрайды. Барлық ауыл шаруашылығы алқаптарының жиынтығы 391 459 гектар, оның ішінде егістік жерлер 77 417 гектар, оның ішінде суармалы егістік 23 648 гектар, көп жылдық екпе ағаштары 2 586 гектар, шабындық жерлер 1 550 гектар және жайылымдық 298 949 гектар.

Жер санаттары бойынша:

1. ауыл шаруашылық мақсаттары бойынша пайдаланатын жерлері - 321 082 гектар;
2. елді мекендердің жерлері - 51289 гектар;
3. өнеркәсіп, көлік байланыс, қорғаныс және ауыл шаруашылық емес басқа мақсаттарда пайдаланатын жерлер - 4 955 гектар;
4. ерекше қорғаудағы табиғи аумақтардың жерлері - 68 гектар;
5. су қорының жерлері - 889 гектар.

Ауданда 16 өнеркәсіп орны, 7077 агроқұрылым, оның ішінде: 101 заңды тұлға, 6976 шаруа қожалықтары бар. Аудандағы ірі, орта және шағын әртүрлі меншіктегі кәсіпорындардың өнім шығарып тұрғандары 46% құрайды.

Сарыағаш –көкөніс пен бау-бақшаның отаны. Қазір де ауданның облыстағы, тіпті республикадағы алар орны жоғары. Өзбекстанмен шекаралас жатқан аймақтың саудасы өркендеген, мәдениетке бай, дамудың барлық саласы бойынша аудандар арасында көш бастап тұр. Бағзы замандардан бері Сарыағаш тоғыз жолдың торабы саналып, өркениеттің алтын бастауы болып келді. Егіншілікке о бастан бейімделген Сарыағаш жұртының ұрпағы бүгін де егін салып, диқаншылық кәсібінен ажырамай келеді. Жыл сайын ауданда ылғал ресурстарын сақтау технологияларын қолданатын алқаптар артып келеді, суарылмалы егін шаруашылығының проблемаларын шешу жөнінде шаралар қабылданып жатыр, тамшылай суару технологиясына негізделген жеміс-көкөніс дақылдарының өнімі артуда. Ауданның Ұлы Жібек жолының бойында жатуы оның халқының көшпелі мәдениетпен бірге отырықшылық өркениеттің де тұрмыс салтын бойына сіңіруіне өз ықпалын тигізсе керек. Сондықтан ауданда ауыл шаруашылығы саласы ерекше қарқынмен дамыған. Кеңестік кезеңнің өзінде Сарыағаштың дәмі тіл үйірер қауымы мен қарбызы бүкіл Одаққа танымал еді. Мақта егуден де аймақтың кезінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгеніне кешегі тарих куә. Далада ызғар, жерде қар болса да, есіктің алдында қып-қызыл боп қызанақ пісіп, иілген бұталарда сап-сары лимон самсайды. Ал, әнебір аулада жап-жасыл кілемдей боп аскөк пен тағамдық жапырақтар жайнап тұр. Жыл он екі ай жемісі пісіп, бақшасының берекесі ортаймайтын осындай шаруалар Сарыағаш ауданының Жартытөбе, Бостандық, Құрама, Еңкес ауылында аз емес. Шаруашылықтың осы түрінің ауданда қанатын кеңге жаюына

біріншіден аймақтың жайлы табиғаты ықпал етсе, екіншіден, мемлекеттен берілетін субсидиялар мен жеңілдіктер де көп көмегін тигізуде.

Ауданның барлық егіс көлемінің 39,7%-на дәнді дақыл, 11,9%-на көкөніс, 17,3%-на мақта, 31,1%-на жүзімдік егілген. 2021 жылдың қорытындысымен ауыл шаруашылығы саласының жалпы өнім көлемі 100 млрд.316,6 млн.теңгенің өнімі өндірілді. Нақты көлем индексі – 103,3%.Өндірілген өнімнің 24 млрд. 619,7 млн.теңгесі мал шаруашылығына және 75 млрд.476,9 млн.теңге өсімдік шаруашылығына тиесілі. Ағымдағы жылы салалық басқарманың белгіленген болжамдық егістік жер көлемі 69700 га. 2021 жылы ауданымызда 69700 гектар егістік жер игерілді. Оның ішінде: 30091 га бидай, 7600 га арпа, 5000 га дәндік жүгері, 500 га бұршақты дақыл, 1809 га майлы дақыл, 1200 га бақша, 4000 га картоп, 10500 га көкөніс және 9000 га мал азықтық дақылдары өсірілді. Жылыжайлардың көлемі жөнінен аудан облыс және республика бойынша алдыңғы орында тұр.

Еліміздегі жылыжайлардың 60% Түркістан облысына тиесілі болса, өңірдегі жылыжайлардың 80% Сарыағаш ауданында орналасқан. Ал, онда өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдері еліміздің ішкі нарығын қамтамасыз етіп, баға тұрақтылығына оң әсерін тигізіп жатыр. Одан бөлек, ауданда өндірілген өнімдер тонналап көршілес елдерге экспортталып, облыс экономикасының гүлденуіне сүбелі үлес қосуда. Тіпті, жылыжай шаруашылығын жүргізу бойынша еліміздің аймақтарынан фермерлер тәжірибе алмасу, ақыл-кеңес алу мақсатында Сарыағашқа жиі ат басын бұрады. Бүгінгі таңда аудандағы жылыжайдың жалпы көлемі 683,2 гектарды құрап, өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда 31 гектарға ұлғайып отыр.

Егін шаруашылығымен қатар мал шаруашылығы да даму үстінде. 2021 жылы ауданда өндірілген өнімдердің жалпы көлемі – 24 млрд. 619,7 млн.теңгені құрап, нақты көлем индексі өткен жылмен салыстырғанда 104,2% артты. Ауданның ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мал және құс етін (тірі салмақта) – 17,51 мың тонна, сүт өнімдері – 54,1 мың тонна, жұмыртқа – 66,5 млн. дана өндіруге қол жеткізді.

1. Ірі қара мал басы 100,7 пайызға өсіп, 56,1 мың басқа,
2. Қой-ешкі 110,1 пайызға өсіп, 483,2 мың басқа,
3. Жылқы 97 пайызға жетіп, 15,2 мың басқа,
4. Түйе 110,6 пайызға өсіп, 115 басқа жеткен.
5. Құс 162,7 пайызға өсіп, 623,5 мың бас құс өсірілуде.

Тиісінше мал шаруашылығы саласында өндірілген өнімдер өткен жылмен салыстырғанда:

1. Ет (тірі салмақта) 101,6 пайызға артып, 15035,4 тонна,
2. Сүт 103,2 пайызға артып, 52894,5 тонна,
3. Жұмыртқа 108,7 пайызға артып, 87 млн.42 мың дана өндірілді.

Қорытынды. Сарыағаш ауданының табиғи жағдайын, шаруашылығын, агроөнеркәсібін, экономикасын зерттей келе, мынадай қорытындыға келдім. Өз ойымды ұсыныс ретінде білдіруді жөн көрдім.

1. Біріншіден, ауыл шаруашылығында заман талабына сай қажетті индустриалды техниканы пайдаланып, экстенсивті даму жолымен мақта, бидай, жеміс- жидек, көкініс шаруашылығын дамыту.

2. Екіншіден, 1990 жылдары жабылып қалған ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін өндіріс орындарын, зауыттарды, концеріндерді жаңа техникамен жабдықтап, қайта ашу керек. Атап айтсақ, мақта кластерін, жеміс- жидек, көкініс шәрбатын консервлейтін өндіріс орындарын, жіп иіру, мата тоқу фабрикаларын және бидайды өңдейтін дейірмендер мен наубайханалар ашу керек.

3. Үшіншіден, мал шаруашылығы, құс шаруашылығын дамытудың маңызы өте зор. Себебі, ауданда жайылым жерлер жетерлік. Онда әсіресе ірі қара мал, қой, ешкі шаруашылықтарын дамытуға қолайлы. Сол орайда ірі фермерлік шаруа қожалықтарын, құс фабрикаларын ашу керек.

4. Төртіншіден, Сарыағаш ауданы бәрімізге белгілі, “Сарыағаш” шипалы минералды суымен, көрікті шипажайларымен атақты. Сарыағаш шипажайларын әлемдік стандартқа сай ірі сауықтыру және туризм комплексіне айналдырып, жарнамаларды пайдалану арқылы дүние жүзі халықтарының назарын аударып, туристтерді тарту керек.

5. Бесіншіден, Дарбаза, Жылға елді мекендерінде палеозой дәуірінен қалған табиғи ескерткіштерді, киелі әулиелі жерлерді толық зерттеп, ғылыми- тарихи кешенге айналдыруға болады. Менімше, сол жерлерде археологиялық зерттеулер жүргізілсе, көптеген мәліметтер жиналары анық. Оған нақты дәлелдемелер де бар. Сондай-ақ, ауданды ғалымдар жан жақты зерттеп, Сарыағаш ауданының жеке энциклопедиясын шығарса деген ниетім бар.

Бұдан басқа да ауданды көркейту, абаттандыру, экологиясын жақсарту, мәдениет ошақтарын, демалыс орындарын, және саябақтар салу басты назар аударатын мәселе болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. О Стратегии индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 годы: Указ Президента Республики Казахстан от 17.05.03, № 1096 // САПП. – 2003. - № 23-24, ст.217.
2. Назарбаев Н.Ә. Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу –Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 2010.
3. Байзақов С.Б. Стратегическое планирование: опыт и проблемы. -Алматы: Казахстан , 1998.- 136 с.
4. Калиев Г.А., Сатыбалдин А.А., Турсунов С.С, Казахстан: рынок в АПК. -Алматы: Қайнар, 1994. -320 с.
5. Қошанов А.К., Мұхамеджанов Б.Г., Бектимисова С.Т. Формирование частного предпринимательства в условиях перехода к рынку (на примере Республики Казахстан). – Алматы, 1995. -165 с.
6. “Артезианские бассейны Южного Казахстана”. Академия наук Казахской ССР. Алматы. 1989. 364-378 б.
7. Абдуллаев Х.М. Изследование в Сарыагаче. Тошкент, Институт геологий и геофизики. 1958г.146-154 б.
8. <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-saryagash?lang=kk>
9. <https://qamshy.kz/article/18842-saryaghashta-auyl-sharuashylyghy-algha-basty> сайты
10. <https://www.facebook.com/baspasozkyzmeti/posts/1708476042730508> парақшасы
11. <https://okg.kz/post?id=19400&slug=zheri-berekeli,-eli-merekeli-aimaq>
12. https://www.instagram.com/saryagash_audan_akimdigi/ парақшасы

УДК 910.3

ЩУЧИНСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Алдаш Әділет Қайыржанұлы

adilet.aldash-99@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті физикалық және экономикалықгеография кафедрасының магистранты

Нұр-Султан қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші:б.ғ.к., доцент Инкарова Ж.И.

Қазақстан әлемнің көптеген елдерімен қатар өңірлердің қарқынды даму мәселелерімен бетпе-бет келеді және оны шешудегі өз тәжірибесін жинақтады. Сонымен қатар, соңғы жылдары жергілікті әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерді талдау